



**ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ
ХАБАРШЫ
№ 2(4)**

АСТАНА - 2003



**ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ
ХАБАРШЫ**

№2 (4)

Астана - 2003

**Қазақстан
Республикасы
Үкіметінің жанындағы
Мемлекеттік
терминологиялық
комиссия бюллетені
№2 (4)**

2003 жылғы мамыр

Құрылтайшы:
Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігі

Редакциялық алқа:
М.Құл-Мұхаммед – Мемтерминком
төрағасы


Мемтерминком мүшелері:

С.Әбдірахманов
Б.Бодаубай
Ә.Кекілбаев
Ж. Қараев
Ш.Құрманбайұлы
А.Нұрмаханов
Д. Омашұлы
А.Сейдімбек
Т.Тұяқбаев
К.Хұсайын
К.Юсуп

Жауапты шығарушы:

ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім
министрлігінің Тілдерді дамыту департаменті

ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім
министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы 2002
жылғы 27 мамырда №2993-Ж кәулігі берілген.



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ КОМИССИЯНЫҢ
РЕСМИ ҚҰЖАТТАРЫ**

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы
Мемлекеттік терминологиялық комиссияның
ШЕШІМІ**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминологиялық комиссия

ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Парламенті Сенаты Аппаратының аударма, лингвистикалық сараптама және Парламент актілерін шығару бөлімінің меңгерушісі Б.Бодаубай мен осы бөлім меңгерушісінің орынбасары М.Айымбетов дайындаған терминдер мен сөз тіркестері түзетулерді ескере отырып, бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Парламенті Сенаты Аппаратының аударма, лингвистикалық сараптама және Парламент актілерін шығару бөлімі меңгерушісінің орынбасары Е.Сафуани мен Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісі Аппаратының редакциялау және аударма бөлімінің меңгерушісі Д.Омашұлы ұсынған терминдер мен сөз тіркестері түзетулерді ескере отырып, бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті ұсынған “Өрт қауіпсіздігі. Терминдер мен анықтамалар” мемлекеттік стандартының жобасы қажетті түзетулер енгізілгеннен кейін мақұлдансын.

Мемтерминком төрағасы

М.Құл-Мұхаммед

Мемтерминком хатшысы

А.Нұрмаханов

**Астана қаласы,
2003 жылғы 4 наурыз**

Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминологиялық комиссияның 2003 жылғы 4 наурыздағы мәжілісінде бекітілген терминдер:

- | | |
|----------------------------------|----------------------------|
| 1. амнистия | рақымшылық |
| 2. арбитражный суд | төрелік сот |
| 3. арендодатель | жалға беруші |
| 4. близкие родственники | жақын туыстар |
| 5. биржевой арбитраж | биржалық төрелік |
| 6. биржевая котировка | биржалық белгіленім |
| 7. биржевой маклер | биржалық маклер |
| 8. биржевая спекуляция | биржалық алыпсатарлық |
| 9. биржевой совет | биржа кеңесі |
| 10. биржевик | биржашы |
| 11. биржевые доходы | биржалық кірістер |
| 12. биржевые уставы | биржалық жарғылар |
| 13. боеголовка | оқтұмсық |
| 14. боеприпасы | оқ-дәрі |
| 15. бродяжничество | қаңғыбастық |
| 16. бытовой подряд | тұрмыстық мердігерлік |
| 17. внебюджетные фонды | бюджеттен тыс қорлар |
| 18. внеочередные выборы | кезектен тыс сайлау |
| 19. внесудебная процедура | соттан тыс рәсім |
| 20. внешнеэкономическая сделка | сыртқы экономикалық мәміле |
| 21. внешний аудит | сыртқы аудит |
| 22. внешняя политика | сыртқы саясат |
| 23. внешняя угроза | сыртқы қатер |
| 24. военизированное формирование | әскерилендірілген құралым |
| 25. военное положение | соғыс жағдайы |
| 26. военно-лечебное учреждение | әскери-емдеу мекемесі |
| 27. военнослужащий | әскери қызметші |
| 28. военные действия | соғыс қимылдары |
| 29. военный суд | әскери сот |
| 30. воинская часть | әскери бөлім |
| 31. воинская служба | әскери қызмет |

32. воинское соединение	әскери құрама
33. воинское звание	әскери атақ
34. воинское формирование	әскери құралым
35. врачебная тайна	дәрігерлік құпия
36. врачебно-консультационная комиссия (ВКК)	дәрігерлік– консультациялық комиссия (ДКК)
37. врачебный долг	дәрігерлік борыш
38. вредитель	зиянкес
39. вредительство	зиянжестік
40. вредность	зияндылық
41. всеобщее	жалпыға бірдей
42. всеобщее, равное и прямое избирательное право	жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы
43. генеральное соглашение	бас келісім
44. генеральный подрядчик	бас мердігер
45. главное управление	бас басқарма
46. глобальная безопасность	жаһандық қауіпсіздік
47. двусторонняя сделка	екіжақты мәміле
48. денежная единица	ақша бірлігі
49. денежная компенсация	ақшалай өтем
50. денежная сумма	ақша сомасы
51. денежное взыскание	ақшалай өндіріп алу
52. денежное довольствие	ақшалай үлес
53. денежное обязательство	ақшалай міндеттеме
54. денежный взнос	ақшалай жарна
55. денежный знак	ақша белгісі
56. денежное средство	ақшалай қаражат
57. денежный рынок	ақша рыногы
58. денежный капитал	ақша капиталы
59. депутатская группа	депутаттық топ
60. депутатская фракция	депутаттық фракция
61. депутатские объединения	депутаттық бірлестіктер
62. дискриминация	кемсіту
63. добровольный взнос	ерікті жарна
64. добровольный имущественный взнос	ерікті мүліктік жарна
65. древесина	сүрек
66. жестокость	қатыгездік

67. забастовка	ереуіл
68. заблаговременно	күні бұрын
69. заведомо	көрінеу
70. заведомо ложный	көрінеу жалған
71. заведомо ложная информация	көрінеу жалған ақпарат
72. заведомо ложное сообщение	көрінеу жалған хабарлама
73. завещание	өсиет
74. завещатель	өсиетші
75. завещать	өсиет ету
76. заготовка	дайындама
77. заготовитель	дайындаушы
78. загрязнение	ластау
79. загрязнение окружающей среды	қоршаған ортаны ластау
80. заинтересованное лицо	мүдделі адам
81. заинтересованность	мүдделілік
82. знак различия	айырым белгі
83. межотраслевая координация	салааралық үйлестіру
84. межселенные территории	қонысаралық аумақтар
85. обыск	тінту
86. рамочное соглашение	негіздемелік келісім
87. сомнение	күмән
88. третейский суд	аралық сот

Мемтерминкомның кезекті мәжілісінде бекітуге әскери, заң, қаржы, медицина, іс жүргізу саласына қатысты терминдер тобы ұсынылды. Сөз жауапкершілігіне атүсті қарай алмайтын көпшілікке ресми бекітілген 88 сөз бен сөз тіркесінің бірқатарына қысқаша түсінік беруді қажет деп санадық.

Терминологиядағы басты талаптардың бірі – мағыналас ұғымдарды ұялық әдіспен беру екендігін негізге ала отырып **биржалық төрелік** (биржевой арбитраж), **биржалық белгіленім** (биржевая котировка), **биржалық маклер** (биржевой маклер), **биржалық алыпсатарлық** (биржевая спекуляция), **биржалық кірістер** (биржевые доходы), **биржалық жарғылар** (биржевые уставы), **ақшалай өтем** (денежная компенсация), **ақшалай үлес** (денежное довольствие), **ақшалай жарна** (денежный взнос) және **ақша бірлігі** (денежная единица), **ақша сомасы** (денежная сумма), **ақша белгісі** (денежный знак), сондай-ақ **депутаттық топ** (депутатская группа), **депутаттық фракция**

(депутатская фракция), **депутаттық бірлестіктер** (депутатская объединения) терминдері осы әдіспен бекітілді. Бұл сөз тіркестерін бекіту кезінде олардың заңнамалық құжаттарда осылайша қолданылып жүргендігі де назарда ұсталды.

Мәжілісте осы тәртіппен **әскери бөлім** (воинская часть), **әскери қызмет** (воинская служба), **әскери құрама** (воинское соединение), **әскери атақ** (воинское звание), **әскери құралым** (воинское формирование), **әскерилендірілген құралым** (военизированное формирование) сияқты әскери терминдер де бекітілді. **Құрама**, **құралым**, **құрылым** терминдері бірінің орнына бірі қолданылып, түсініспеушілік тудырып жүргендіктен, олардың ара-жігін ажыратып бекіту қажеттігі туындады. **Құрылым** бұрыннан **структура** сөзінің аудармасы ретінде қалыптасқандығы белгілі, сондықтан Мемтерминком мүшелері әскери терминологиядағы **соединение** ұғымына **құрама**, **формирование** ұғымына **құралым** сөздері сәйкес келеді деп шешті. Бұл терминдердің кейбір әскери әдебиеттер мен құжаттарда Мемтерминком бекіткен нұсқада қолданылып жүргендігін де айта кеткен орынды.

Бұрын бекітілген **зиян** (вред) терминіне сәйкес осы түбірден өрбитін және бірінен бірі туындайтын ұғымдардың атаулары ретінде **зиянкес** (вредитель), **зиянкестік** (вредительство), **зияндылық** (вредность) терминдері бірауыздан мақұлданды. Сол сияқты **өсиет** (завещание), **өсиетші** (завещатель), **өсиет ету** (завещать) терминдерімен алдыңғы мәжілісте бекітілген **жаһандану** (глобализация) терминімен бір ұя құрайтын **жаһандық қауіпсіздік** (глобальная безопасность) тіркесі де Мемтерминком мүшелері тарапынан қолдау тапты.

Заң, іс жүргізу саласына қатысты бұрын бекітілген **келісім** (соглашение) және **сот** (суд) терминдерін тірек сөз ретінде ала отырып **бас келісім** (генеральное соглашение), **негіздемелік келісім** (рамочное соглашение), **төрелік сот** (арбитражный суд), **аралық сот** (третейский суд) терминдерінің мағыналары ажыратылып бекітілді. Көптеген халықаралық ұйымдардың мүшесі болып отырған еліміздің Парламентіне бекіту үшін келіп түсетін халықаралық құжаттарда жиі ұшырасатындығы бұл ұғымдардың мағыналарын таратып бекітуді қажет етіп отыр.

Мемтерминкомның бұрынғы мәжілістерінде жеке терминдер санатында бекітілген **рәсім** (процедура), **мәміле** (сделка) сөздерінің негізінде **соттан тыс рәсім** (внесудебная процедура), **екіжақты мәміле** (двусторонняя сделка), **сыртқы экономикалық мәміле** (внешнеэкономическая сделка) тіркестері ресми бекітілді.

Қолданысқа еніп, тілдік айналымда тұрақтала бастаған **дәрігерлік құпия** (врачебная тайна), **дәрігерлік борыш** (врачебный долг), **дәрігерлік-консультациялық комиссия** (врачебно-консультационная комиссия) тіркестері медициналық терминдер ретінде мақұлданды.

80-жылдары **күдік** түрінде бекітілген *сомнение* сөзі **күмән** болып қайта бекітілді. Өйткені **күдік** сөзі біреудің ісінің немесе ниетінің дұрыстығына сезіктенуді білдіріп, *подозрение* сөзінің мағынасымен сәйкес келеді. Сондықтан да Мемтерминкомның 2002 жылғы 20 мамырдағы мәжілісінде **күдікті** *подозреваемый* терминінің баламасы ретінде бекітілген болатын. Ал біреудің немесе бір нәрсенің шынайлығына нық сенімнің жоқтығын, шүбәлануды, түсініспеушілікті **күмән** сөзі білдіретіндіктен, бұл сөз орыс тіліндегі *сомнение* терминінің баламасы ретінде ресми бекітілгені дұрыс деп шешілді.

Мемтерминком мүшелері термин қалыптастыруда қазақ тілінің ішкі мүмкіндіктерін пайдалану ісінің жалғасы ретінде **сүрек** (*древесина*), **рақымшылық** (*амнистия*), **қаңғыбастық** (*бродяжничество*), **оқтұмсық** (*боеголовка*), **кемсіту** (*дискриминация*), **қатыгездік** (*жестокость*) сөздерін термин санатына енгізді. Осы жерде айта кететін жайт: *боеголовка* сөзі бұрын **оқтық** деп бекітілген болатын, алайда **оқтық** – мылтықтың оқ салатын қуысы болғандықтан, бұл сөздің ұғымды дәл беріп тұрмағандығы ескерілді.

Мәжілісте **тыс**, **сыртқы** көмекші сөздерімен жасалған **бюджеттен тыс қорлар** (*внебюджетные фонды*), **кезектен тыс сайлау** (*внеочередные выборы*), **соттан тыс рәсім** (*внесудебная процедура*), **сыртқы экономикалық мәміле** (*внешнеэкономическая сделка*), **сыртқы аудит** (*внешний аудит*), **сыртқы саясат** (*внешняя политика*), **сыртқы қатер** (*внешняя угроза*) сияқты терминдер тобы бекітілді. Орыс тіліндегі *вне-* префиксін **тыс** көмекші сөзімен, ал *внешн-* тұлғасымен жасалған сөздерді **сыртқы** көмекші сөзімен беруді қазақ тілінде термин қалыптастырудың бірізге түсе бастаған үлгісі ретінде атап өтуге болады.

Бұқаралық ақпарат құралдарында, күнделікті тұрмыста қолданылып, тілге сіңіп, үйреншікті болып кеткендігіне қарамастан, құжаттарды рәсімдеу мен аударма барысында өзге нұсқалардың да қолданылып жүргендігін ескере келіп, **ереуіл** (*забастовка*), **дайындама** (*заготовка*), **тінтту** (*обыск*), **қоршаған ортаны қорғау** (*загрязнение окружающей среды*) сөздері мен сөз тіркестерін терминдер ретінде ресми бекіткен орынды деп танылды.

Терминдер мен атауларды бекіту кезінде олардың қазір қолданылып, тілдік айналымда тұрақтала бастағаны, терминге қойылатын талаптарға сәйкестігі басты назарда ұсталды. Бұл терминдер, атаулар, сөз тіркестері бұқаралық ақпарат құралдарында, Интернет жүйесіндегі www.qazaqtili.com web-порталында алдын-ала жарияланып, көпшілік талқысына ұсынылған болатын. Мемтерминком мүшелері бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған және келіп түскен көптеген пікірлер мен ұсыныстармен танысып, талқылау кезінде назарда ұстап отырды.

Мемтерминком

ТЕРМИНОЛОГИЯНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ, ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ, ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бұл айдармен филология ғылымдарының докторлары Ш.Құрманбайұлының қазіргі термин шығармашылығында орын алып жүрген олқылықтар жайлы, М.Серғалиевтің баспасөз беттеріндегі кейбір тілдік қолданыстар туралы, филология ғылымдарның кандидаты Ә.Әміровтің терминологияны қалыптастырудағы қазақ баспасөзінің рөлі жайлы мақалалары беріліп отыр.

Ш.Құрманбайұлы
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінің
басқарма бастығы, филология
ғылымдарының докторы, профессор

ТЕРМИНЖАСАМ БАРЫСЫНДА ОРЫН АЛЫП ЖҮРГЕН КЕМШІЛІКТЕР

Термин шығармашылығындағы тоқырау кезеңі аяқталып, ұлт тілінде термин жасала бастаған соңғы он шақты жылдың көлемінде терминге қойылатын талаптарға сай жасалып, терминологиялық қорымызды байытқан сәтті терминдермен бірге тәжірибесіздік пен кәсіби шеберліктің жетіспеуі салдарынан туындаған терминдер де аз болған жоқ. Ондай сәтсіз терминдер терминологиялық қорымызды байытуды былай қойғанда, ұлт тілінде жасалған терминдерге деген жұртшылықтың теріс көзқарасын туғызып, терминологияны ұлт тілі негізінде қалыптастыруға бағытталған оң үрдістің қарқын алуына нұқсан келтіруі мүмкін. Терминдерді шығармашылық шеберлікпен жасауға емес, өзге тілдерден дайын қалпында қабылдауға дағдыланған, әлі де болса бас қатырып термин жасаудан гөрі сол дәстүрді жалғастыра беруге бейілді кейбір мамандарымыз үшін сәтсіз жасалған терминдер таптырмайтын мысал. Олар сондай терминдерді мысалға келтіре отырып, қазақ тілінде термин жасаудың қажетсіздігін, тіліміздің термин жасауға икемсіздігін дәлелдеп әуре болып жүр. Әрине, қисынға келмейтін терминдерді сынға алып, олардың орнына ұтымды балама ұсыну орынды. Алайда ондай терминдерді алға тарта отырып, тілімізде жаңа жандана бастаған термин шығармашылығына тосқауыл қоюға жол беруге болмайтынын біз осыған дейін де атап көрсеткенбіз. Қазір де сол пікірдеміз. Термин шығармашылығымен кім болса сол айналысып, мұндай жауапты іске атүсті қарауға жол беруге болмайды. Бұл жұмысты үлкен жауапкершілікпен, жоғары кәсіби деңгейде жүргізу арқылы ғана терминологиямызды ұлт тілі негізінде қалыптастырып, қазақ тілінің ғылым саласындағы қызметін қамтамасыз етуге қол жеткізе аламыз.

Терминжасам барысында қандай кемшіліктер орын алып жүр деген мәселеге келсек, олар негізінен төмендегідей болып келеді: Біріншіден, **тіліміздегі сөз тудырушы жұрнақтар терминжасам барысында орнымен жұмсалмай келеді.** Белгілі бір жұрнақтарды шектен тыс көп пайдаланамыз да тілімізде бар жұрнақтардың қалған басым бөлігі іске қосылмай жатады. Соңғы он шақты жыл көлемінде жаңадан туындаған

терминдер мен атауларды саралап көрсек, оған айқын көз жеткізуге болады. Бұл тұрғыдан келгенде қазіргі терминжасам барысында ең жиі қолданылып жүргендердің қатарына етістіктен зат есім тудыратын **-ма /-ме (-ба/-бе, -па/-пе)** жұрнағын да қосуға болады. Бұл жұрнақтың XX ғасырдың бас кезінде, дәлірек айтқанда А.Байтұрсынұлының терминжасам тәжірибесінде кеңінен қолданылғанын білеміз. Оған Ахаң қаламынан туындаған *сауықтама, зауықтама, сарындама, салттама, ғұрыптама, қалыптама, кескіндеме* сияқты терминдері мысал бола алады. Осы үлгімен жасалған *анықтама, міндеттеме, мінездеме* сияқты бірқатар терминдер өткен ғасырдың 90-ыншы жылдарына дейін-ақ тілімізде орныққан болатын. Термин шығармашылығында ұлт тілінің ішкі мүмкіндігі біршама пайдаланыла бастаған қазіргі кезеңде де бұл жұрнақ өнімділік танытып отыр. Мәселен, *келілдеме (рекомендация), көшірме (выписка), құжаттама (документация), бұрыштама (виза), аңдатпа (аннотация), жазба (записка), тізімдеме (опись), дайындама (заготовка), үстеме (надбавка), сараптама (экспертиза), ұңғыма (скважина), үстеме (нагрузка), қаптама (кожух), орама (обмотка), т.б.*

Әлде бұл жұрнақтардың өнімділік танытуының өзге де себептері бар ма деген мәселеге келер болсақ, өзге сөз тудырушы жұрнақтардан қандай да бір артықшылығы бар деудің аса қисыны бола қоймас. Керісінше, бұл жұрнақ арқылы жасалған терминдерді болымсыз етістікпен (*барма, келме, оқыма, жүрме*) тұлғалас болғандықтан атауға аса лайық емес деген пікір де айтылып жүр. Мәселен, *кірістірме (вставка), лықсыма (сброс), кеңейме (дилатация), жылжыма (оплывина), тәртіптеме (распорядок), қайталама (вторичный), сынама (проба)* сияқты баламалардың контекстен тыс тұрғанда ұғым атауы емес болымсыз етістік ретінде қабылданары сөзсіз. Атау сөздің, оның ішінде терминнің ұғымды дәл беріп, басқа ұғыммен ассоциация туғызып, екіұштылыққа жетелемегені жөн-ақ. Әрине, бұл баламалар жаңадан жасалып жатқандықтан олардың өлі тілдік норма ретінде орнығып, тіл тұтынушыларының санасына сіңіп кете қоймағандығын да ескерген орынды. Әйтпесе, жоғарыда атап көрсеткен *анықтама, мінездеме* тәрізді **-ма, -ме** жұрнағының жалғануы арқылы жасалған сөздердің сөздік құрамымызда бұрыннан да бар екені белгілі. Ол аз десек, *бөлме (комната), көрме (выставка), тапсырма (задание), аялдама (остановка), сарқырама (водопад), аударма (перевод)* сияқты осы үлгімен жасалған көптеген атауларды да осы қатарға қосуға болады.

Әсіресе іс жүргізу саласы терминдерінің осы үлгімен көбірек жасалғанын көруге болады. Оған *хаттама (протокол), бұрыштама (виза), мінездеме (характеристика), мәлімдеме (рапорт)* сияқты терминдер тізбегі мысал бола алады. Ұғымдар жүйесінің ерекшелігі мен өзара бай-

ТЕРМИНЖАСАМ БАРЫСЫНДА ОРЫН АЛЫП ЖҮРГЕН КЕМШІЛІКТЕР

Термин шығармашылығындағы тоқырау кезеңі аяқталып, ұлт тілінде термин жасала бастаған соңғы он шақты жылдың көлемінде терминге қойылатын талаптарға сай жасалып, терминологиялық қорымызды байытқан сәтті терминдермен бірге тәжірибесіздік пен кәсіби шеберліктің жетіспеуі салдарынан туындаған терминдер де аз болған жоқ. Ондай сәтсіз терминдер терминологиялық қорымызды байытуды былай қойғанда, ұлт тілінде жасалған терминдерге деген жұртшылықтың теріс көзқарасын туғызып, терминологияны ұлт тілі негізінде қалыптастыруға бағытталған оң үрдістің қарқын алуына нұқсан келтіруі мүмкін. Терминдерді шығармашылық шеберлікпен жасауға емес, өзге тілдерден дайын қалпында қабылдауға дағдыланған, әлі де болса бас қатырып термин жасаудан гөрі сол дәстүрді жалғастыра беруге бейілді кейбір мамандарымыз үшін сәтсіз жасалған терминдер таптырмайтын мысал. Олар сондай терминдерді мысалға келтіре отырып, қазақ тілінде термин жасаудың қажетсіздігін, тіліміздің термин жасауға икемсіздігін дәлелдеп әуре болып жүр. Әрине, қисынға келмейтін терминдерді сынға алып, олардың орнына ұтымды балама ұсыну орынды. Алайда ондай терминдерді алға тарта отырып, тілімізде жаңа жандана бастаған термин шығармашылығына тосқауыл қоюға жол беруге болмайтынын біз осыған дейін де атап көрсеткенбіз. Қазір де сол пікірдеміз. Термин шығармашылығымен кім болса сол айналысып, мұндай жауапты іске атүсті қарауға жол беруге болмайды. Бұл жұмысты үлкен жауапкершілікпен, жоғары кәсіби деңгейде жүргізу арқылы ғана терминологиямызды ұлт тілі негізінде қалыптастырып, қазақ тілінің ғылым саласындағы қызметін қамтамасыз етуге қол жеткізе аламыз.

Терминжасам барысында қандай кемшіліктер орын алып жүр деген мәселеге келсек, олар негізінен төмендегідей болып келеді: Біріншіден, **тіліміздегі сөз тудырушы жұрнақтар терминжасам барысында орнымен жұмсалмай келеді.** Белгілі бір жұрнақтарды шектен тыс көп пайдаланамыз да тілімізде бар жұрнақтардың қалған басым бөлігі іске қосылмай жатады. Соңғы он шақты жыл көлемінде жаңадан туындаған

терминдер мен атауларды саралап көрсек, оған айқын көз жеткізуге болады. Бұл тұрғыдан келгенде қазіргі терминжасам барысында ең жиі қолданылып жүргендердің қатарына етістіктен зат есім тудыратын **-ма /-ме (-ба/-бе, -па/-пе)** жұрнағын да қосуға болады. Бұл жұрнақтың ХХ ғасырдың бас кезінде, дәлірек айтқанда А.Байтұрсынұлының терминжасам тәжірибесінде кеңінен қолданылғанын білеміз. Оған Ахаң қаламынан туындаған *сауықтама, зауықтама, сарындама, салттама, аұрыптама, қалыптама, кескіндеме* сияқты терминдері мысал бола алады. Осы үлгімен жасалған *анықтама, міндеттеме, мінездеме* сияқты бірқатар терминдер өткен ғасырдың 90-ыншы жылдарына дейін-ақ тілімізде орныққан болатын. Термин шығармашылығында ұлт тілінің ішкі мүмкіндігі біршама пайдаланыла бастаған қазіргі кезеңде де бұл жұрнақ өнімділік танытып отыр. Мәселен, *кепілдеме (рекомендация), көшірме (выписка), құжаттама (документация), бұрыштама (виза), аңдатпа (аннотация), жазба (записка), тізімдеме (опись), дайындама (заготовка), үстеме (надбавка), сараптама (экспертиза), ұңғыма (скважина), үстеме (нагрузка), қаптама (кожух), орама (обмотка), т.б.*

Әлде бұл жұрнақтардың өнімділік танытуының өзге де себептері бар ма деген мәселеге келер болсақ, өзге сөз тудырушы жұрнақтардан қандай да бір артықшылығы бар деудің аса қисыны бола қоймас. Керісінше, бұл жұрнақ арқылы жасалған терминдерді болымсыз етістікпен (*барма, келме, оқыма, жүрме*) тұлғалас болғандықтан атауға аса лайық емес деген пікір де айтылып жүр. Мәселен, *кірістірме (вставка), лықсыма (сброс), кеңейме (дilatация), жылжыма (оплывина), тәртіптеме (распорядок), қайталама (вторичный), сынама (проба)* сияқты баламалардың контекстен тыс тұрғанда ұғым атауы емес болымсыз етістік ретінде қабылданары сөзсіз. Атау сөздің, оның ішінде терминнің ұғымды дәл беріп, басқа ұғыммен ассоциация туғызып, екіұштылыққа жетелемегені жөн-ақ. Әрине, бұл баламалар жаңадан жасалып жатқандықтан олардың әлі тілдік норма ретінде орнығып, тіл тұтынушыларының санасына сіңіп кете қоймағандығын да ескерген орынды. Әйтпесе, жоғарыда атап көрсеткен *анықтама, мінездеме* тәрізді **-ма, -ме** жұрнағының жалғануы арқылы жасалған сөздердің сөздік құрамымызда бұрыннан да бар екені белгілі. Ол аз десек, *бөлме (комната), көрме (выставка), тапсырма (задание), аялдама (остановка), сарқырама (водопад), аударма (перевод)* сияқты осы үлгімен жасалған көптеген атауларды да осы қатарға қосуға болады.

Әсіресе іс жүргізу саласы терминдерінің осы үлгімен көбірек жасалғанын көруге болады. Оған *хаттама (протокол), бұрыштама (виза), мінездеме (характеристика), мәлімдеме (рапорт)* сияқты терминдер тізбегі мысал бола алады. Ұғымдар жүйесінің ерекшелігі мен өзара бай-

ланысын тілдік тұрғыдан да жүйелеп беру үшін белгілі бір морфемаларды пайдалана отырып, ортақ моделмен тұлғалас терминдер тізбегін түзу - салалық терминологияны қалыптастыруда қажетті талаптардың бірі болып табылады. Осы талап тұрғысынан қарағанда іс жүргізу саласы терминдері бір үлгімен жасалғандығы құптарлық іс. Алайда **-ма, -ме** жұрнағы жекелеген арнаулы салалармен шектелмей, барлық саланың терминдерін жасауда жиі пайдаланылып жүр. Тілімізде сөзжасам, терминжасам ісінде кәдемізге жаратылмай жатқан көптеген көмекші морфемаларымыз тұрғанда болымсыз етістікпен тұлғалас, мағынасы екіұшты әрі омонимдер қатарын көбейтетін атауларды туғыза беруді термин жасаудың ең ұтымды жолы ретінде танудың негізі бар деу қиын. Бір морфемаға сонша салмақ салудың қажеттілігі де байқалмайды. Тілші ғалым С.Мырзабеков түзген “Қазақ тіліндегі көмекші морфемалардың сөздігінде” 849 қосымша морфеманы алфавит тәртібімен беріп, олардың сөз табына қатысын әрі мағынасы мен қызметін көрсетуге арналған мысалдар берген. Автор осы шағын еңбегінің алғы сөзінде “Қосымша морфемалардың саны, біздің пайымдауымызша, барлық варианттарың қоса есептегенде 1000-ның о жақ, бұ жағында болуға тиіс”- деп атап көрсетеді¹. Осыншама көмекші морфемалар қорының ішінен негізінен сөз тудырушы жұрнақтарды грамматикалық мағынасы мен қызметіне қарай тиімді пайдалана алмай отырғанымыз анық. Сол себепті белгілі бір жұрнақтарға ғана салмақ сала береміз.

Термин шығармашылығында соңғы жылдары өте жиі қолданылып жүрген көмекші морфеманың бірі - етістіктен зат есім туғызатын **-м, -ым, -ім** жұрнағы. Термин шығармашылығындағы өнімділігі тұрғысынан қарағанда бұл жұрнақ **-ма -ме** —ден кейінгі орынды иеленіп тұр. Төмендегі берілген мысалдар осы аталған жұрнақтың жалғануы арқылы жасалған атаулардың бір бөлігін ғана құрайды. Мәселен *басылым (издание), тіркелім (прописка), таралым (тираж), ұстаным (кредо, позиция), салым (вклад), айырым (разность), өтінім (заявка), әкелім (ввоз), отбойка (уатым), жарылым (разлом), көрсетілім, берілім (передача), қойылым (постановка), оқылым (чтение), айтылым (высказывание), құрылым (структура), тізілім (реестр), ауысым (смена), өткізілім (реализация), жеткізілім (поставка), төсем (настил), ілім (изгиб), сұраным (запрос), жиналым (кворум), шегерім (вычет), маманданым (специализация), тоғысым (смычка), жуысым (целинность), түрленім (модификация), т.б.*

Терминжасамдағы өнімділігі жағынан **-ма/-ме** және **-м,-ым/-ім** жұрнақтарымен теңеспесе де кейінгі жылдар жиірек қолданылып жүрген

¹ Мырзабеков С. Қазақ тіліндегі көмекші морфемалардың сөздігі. А., 1992. 4-б.

қосымша морфемалар қатарына **-с, -ыс, -іс** жұрнағын да қосуға болады. Мысалы, *сұраныс (спрос), тексеріс (проверка, досмотр), тапсырыс (заказ), сілкініс (сотрясение), шығыс (расход), кіріс (приход), керіліс (натяжение), түйіс (стык), жарылыс (взрыв)* т.б.

Әрине, сөзжасам, терминжасам процесінде бұл жұрнақтарды пайдаланбау керек деуден аулақпыз. Біздің айтпағымыз - ғылым мен техниканың, арнаулы салалардың барлығында айналдырған екі-үш жұрнақты пайдаланумен шектелуге болмайтындығы.

Осыған дейін де, соңғы жылдары да сөзжасам, терминжасам барысында біркелкі өнімділік танытып келе жатқан *-шы/-ші, -лық/-лік, (-дық/-дік, -тық/-тік)* жұрнақтары. Соңғы кездері бұл жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалған *тапсырысшы (заказчик), әкімші (администратор), мұрағатшы (архивариус), салымшы (вкладчик), кеуектілік (пористость), сығылғыштық (сжимаемость), алағандық (лихоимство), әкімдік (акимат)* тәрізді көптеген термин сөздер арнаулы лексикамыздың қорын толықтырды.

Термин шығармашылығында аса өнімділік таныта қоймаса да біршама орнымен жұмсалып жүрген жұрнақтар да бар. Олардың қатарына *-қыш/-кіш, -ғыш/-гіш, -уыш/-уіш, -қы/-кі, -ғы/-гі* сияқты жұрнақтарды қосуға болады. Мысалы, *тұтатқыш (воспламенитель), түзеткіш (выпрямитель), жайтартқыш (громоотвод), ерігіш (растворимое), бөлгіш (делитель), тежеуіш (супрессор), шектеуіш (ограничитель), бұрауыш (отвертка), реттеуіш (регулятор), орауыш (катушка), қырнауыш (шабер), тамызғы (капельница), сорғы (насос), жүгірткі (бегунок), сүйреткі (шлейф), өршіткі (катализатор), сүзгі (фильтр)* сияқты бірқатар терминдер осы жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалған.

Бұрын “Бабырнама”, “Шаһнама”, “Мұхаббатнама”, “Өсиетнама”, “Тотынама” сияқты кітап атаулары мен *жылнама, наурызнама* сияқты біренсаран атаулардың ғана құрамында кездесетін, бізге парсы тілінен енген **-нама** жұрнағының жалғануы арқылы да соңғы жылдары бірнеше жаңа сөздер туындады. Мысалы, *заңнама (законодательство), сауалнама (анкета), сұраунама (вопросник), қазанама (некролог), рұқсатнама (виза), есімнама (персоналий), ғұмырнама (мемуар), әдіснама (методология), сапарнама (путевые записки)*.

Терминжасамға тікелей қатысы болмағандықтан әрі тіл мамандары тарапынан **-хана** жұрнағының орынды-орынсыз қолданылып жүргендігі жайлы айтылғандықтан оған тоқталып жатуды қажет деп таппадық. Сондай-ақ термин шығармашылығында аса өнімділік танытып жүрмеген өзге де жұрнақтардың барлығын бір мақала көлемінде қамтуды мақсат етпедік.

Екіншіден, тіліміздің әр түрлі лексикалық қабаттарына жататын сөздер термин шығармашылығында ұтымды пайдаланылмай жатады. Терминологиялық қорымызды ұлттық негізде байытудың ішкі көзі болып табылатын көнерген сөздер, кәсіби сөздер мен диалектизмдерді термин қалыптастыру кезінде барынша ұтымды пайдаланып отырмыз деуге әлі ерте. Мәселен, *айдауыл (конвой), жасауыл (пристав), бақауыл (надзиратель), торуыл (засада), тосқауыл (заслон)* сияқты көнерген сөздер мен *құжат (документ), ұжым (коллектив), үрдіс (тенденция), түнек (лежка), төп (барда)* тәрізді аймақтық лексика есебінен термин қорымызды байытатын сөздер тілімізде баршылық. Оларды ыждағаттылықпен жинақтап, талғаммен пайдалана білсек, ғылыми-техникалық терминологиямыздың ұлттық сипаты арта түсері анық. Батырлар жыры мен лиро-эпостық жырлардан, дастандардан, жыраулар мен ақын-жазушылар шығармаларынан, көне жазба ескерткіштерден тілімізді түлетуге жарайтын сөздерді іздеп тауып, олардың мағынасын жаңғыртып қажетімізге жаратып жатырмыз деп те айта алмаймыз. Жалпы қолданыстағы синоним сөздерді мағыналық реңктеріне қарай саралап қолдансақ та талай ұғымдардың ара-жігі ажыратылар еді.

Үшіншіден, **аудару барысында сөз мағынасын түсініп, ұғымның мазмұны мен көлемін ажырата білмеуден туындайтын орашолақ аударма атаулар да термин шығармашылығында орын алып жүрген кемшіліктер қатарына кіреді.**

Мысалы, мына төмендегі атауларды солардың қатарына қосуға болады:

Грибковые заболевания – саңырауқұлақ аурулары (бопа аурулары), дочерние предприятия – қыз кәсіпорындар, цельное молоко – мақсатты сүт, рукопашный бой – қоян-қолтық ұрыс, подзаконный акт – заң асты актiсi, генерал-майор – қыран, капитан – қаршыға, смертность – өлімпаз, насос – алсор т.б. Мұндай сорақы аудармаларды арнаулы салалардың қайсынан да табуға болады.

Төртіншіден, **бір ғана ұғымның әр түрлі ғылым салаларында түрліше аталуына жол берілуі де термин шығармашылығында кездесіп жататын кемшіліктердің бірі.** Бұл кемшілік терминологиялық жұмыстарды жүргізуде ғылымаралық үйлестірудің әлсіздігінен орын алып жатады. Жалпы әр түрлі салалардағы терминдердің ортақ атаумен берілуін бір саладағы терминдердің атауларының сәйкес келуімен бірдей үлкен кемшілік деп қарауға болмайды. Бұл ұғымдық, логикалық тұрғыдан қарағанда көрінетін кемшілік. Бір ғана ұғым түрлі ғылым саласында сол ғылымның нысаны ретінде әр қырынан қаралуы мүмкін. Қай ғылымның нысаны ретінде алынып отырғандығына қарамастан ұғым біреу болса,


онда оның атауы да әр түрлі болмауға тиіс. Барлық жағдайда орындала бермесе де терминологияда “бір ұғымға – бір атау” деген талаптың бар екендігі белгілі. Осы талап тұрғысынан келгенде әр түрлі арнаулы сала терминдерінің де аттас болмағаны жөн-ақ. Мысалы, *инструктаж* (әскери іс) да, *сноска* (іс жүргізу) да *нұсқама* деп бір терминмен беріліп жүр.

Бесіншіден, **керісінше, бір ғана арнаулы саланың терминологиялық жүйесін құрайтын әр түрлі ұғымдардың ортақ атаумен берілуі де терминжасам барысында кездесетін кемшіліктердің бірі.** Бұл бір ғана арнаулы сала ішінде де, әр түрлі салаларда да болып жататын кемшілік. Мәселен, іс қағаздары саласында қолданылатын *көшірме (выписка)*, *көшірме (копия)*, *шарт (договор)*, *шарт (условия)*, *тәртіп (порядок)*, *тәртіп (дисциплина)*, *түбіртек (корешок)*, *түбіртек (квитанция)*, *тізімдеме (опис)*, *тізімдеме (каталог)* терминдері немесе әскери терминологияда *атака*, *нападение*, *наступление* терминдерінің қазақ тіліндегі баламасы бір ғана *шабуыл* сөзімен, экономикада *надбавка*, *наценка* терминдерінің *үстеме* сөзімен берілуін аталған кемшілік қатарына қосуға болады.

Алтыншыдаң **бір ғана ғылыми ұғымның оқулықтар мен оқу құралдарында терминологиялық сөздіктерде сол еңбектердің авторларының қалауынша түрліше аталып, жарыспалылыққа шектен тыс көп жол берілуі де терминжасам ісінде көрініс беріп отырған кемшіліктердің қатарына кіреді.** Мысалы, *списание* термині түрлі терминологиялық сөздіктерде *есептен шығару*, *шығынға жазу*, *шығарып тастау* түрінде, *заклад* термині *көпілге салу*, *көпілге ұстау*, *мүлік салу*, *салынған мүлік нұсқаларында* жарыса қолданылып жүр. Терминологиядағы жарыспалылықты қазіргі қазақ терминологиясындағы ең жиі кездесетін кемшіліктің қатарына қосуға болады. Жарыспалылықты болдырмау үшін ұсынылған баламалардың ішінен терминге қойылатын талаптарға жауап беретін ұтымдысын дер кезінде таңдап алып, баспасөзде, оқулықтар мен оқу құралдарында, терминологиялық сөздіктерде солардың ғана қолданысын қамтамасыз етіп, термин қалыптастыру ісін жіті қадағалап отыру қажет.

Жетіншіден, **бір-бірімен тығыз байланысты ұғым атауларын терминологиядағы жүйелілікті сақтамай аудару да термин қалыптастырудағы кемшіліктердің бірі.** Мәселен, *теле-* терминдік элементімен келетін терминдер тізбегінен *телеграмма – жеделхат* деп, микрорайон атауын ықшам аудан түрінде аударып алдық та *телефон*, *телефонограмма*, *телевизор* және *миркоорганизм*, *микроэлемент*, *микрофлора* сияқты терминдер тізбегін сол қалпында қалдырдық. Сондай-ақ орыс тіліндегі бір түбірден өрбитін терминдерді аударып алу кезінде

де бірізділік сақталмай жатады. Мысалы, *совместитель* – қоса атқарушы, *совладелец* – ортақ иеленуші, *сопредседатель* – тең төраға, *содокладчик* – қосымша баяндамашы, *соаренда* – қосарлас жалгерлік, *соисполнитель* – бірлесе орындаушы, *соавтор* – бірлескен автор, *тетевтор*, *телтуындыгер* терминдері сөзімізге дәлел бола алады. Осы мысалдан орыс тіліндегі бір ғана **со** приставкасымен келетін сөздердің біздің тілімізде *ортақ*, *тең*, *қосымша*, *қосарлас*, *бірлесе*, *бірлескен*, *тете*, *тел* сияқты сегіз сөзбен беріліп жүргенін көруге болады. Оны сызба түрінде былай көрсетуге болады:



Ең дұрысы осы **со** приставкасымен келетін терминдерді түрлі анықтауыштарды қосып шұбыртпай тілімізде біршама орныққан *современник* – замандас, *сообщник* – сыбайлас, *содолжник* – борыштас, *соотечественник* – отандас, *соединение* – қосылыс, *соратник* – пікірлес, *сопредельный* – шектес, *іргелес*, *сослуживец* – қызметтес немесе ортақ етіске зат есім тудыратын *-лық/-лік(-тық/-тік, -дық/-дік)* жұрнағы жалғану арқылы жасалған *содружество* – достастық, *сообщество* – қоғамдастық, *соперничество* – бәсекелестік сияқты сөзжасам үлгісімен жасалған сөздер сияқты ықшам үлгілермен, бір-екі модельмен ғана жүйелеп берген жөн деп білеміз. Бұл терминдердің ықшамдылығы, тұлғаластығы, жүйелілігі және сөз тудыру мен қолдануға қолайлылығы сынды талаптарына да жауап берген болар еді.

Сегізіншіден **туыстас түркі тілдерінің лексикалық қорында сақталған сөздерді пайдалану, олардың терминжасам тәжірибесін бөлісу мен термин алмасу мәселесі ескерілмей келеді.** Бұл мәселеге біз бұған дейін де арнайы тоқталғандықтан, жан-жақты сөз қозғаудың қажеті бола қоймас деп ойлаймыз. Ұлт тілінің терминқоры ішкі және сыртқы көздер арқылы қалыптасатыны белгілі. Терминқорымызды байытатын сыртқы көздер ретінде біз тарихи-саяси себептер мен соңғы ғасырлардағы ғылыми-техникалық прогрестің даму үрдісіне сәйкес орыс тілі мен европа халықтары тілдерін ғана танып келдік. Соның салдарынан термин алмасу ісі біржақты сипат алды. Ендігі жерде бұрынғы сүрлеуден шықпай тек орыс пен европа халықтары тілдерінен ғана сөз алумен шектелмей, туыстас түркі

халықтарының тілдері арасындағы өзара термин алмасуын да жолға қойған жөн. Ең алдымен туыстас тілдерден сөз алмасу әлем тілдерінің термин қалыптастыру тәжірибесінде де орныққан дәстүр деуге болады. Түркі халықтарының тілдік табиғатын, туыстығын негізге ала отырып, бірімізде жоғымызды екіншімізден алып, түркі тілдеріне ортақ терминдер қорын қалыптастыру – сыртқы көзді пайдаланудың ұтымды жолы болар еді деп білеміз.

Тоғызыншыдаң, **қытай, монғолия қазақтарының тілдерінде бар сөздерді сұрыптап пайдалану жетіспейді**. Мәселен, компьютердің үстел бетімен жылжытқанда экрандағы меңзерді қозғалтатын, қолмен басқарылатын кішкене құрылғысын 2002 жылы шыққан “Информатика және компьютерлік техника” түсіндірме сөздігінде орыс тілінен тікелей аударып *мышкан* деп алсақ, келесі бір сөздікте ағылшын тіліндегі нұсқасы сақталып *mouse* түрінде беріліп жүр. Бұл екеуінің де келісіп тұрмағаны анық. Сәтті балама табылмағандықтан алынғаны көрініп тұр. Дәл осы терминнің баламасы ретінде қытай қазақтарының тілінде қолданылып жүрген тінтуір сөзін алуға әбден болады. “Тінт” сөзінің мағынасы түсіндірме сөздікте “бір нәрсені іздеп үй ішін т.б. жерді ақтарып-төңкеріп қарау, іздеу” деп түсіндірілген. Компьютер құрылғысының қызметін терминжасамның уәжі етіп алсақ, ағылшын тіліндегі пішін ұқсастығына қарай жасалған *mouse* терминіне қарағанда ұғым мазмұнын ашатын оның басты белгілері біздің тіліміздегі атаудан айқын көрініп тұрар еді. Біздіңше, *тінтуір* термині сәтті жасалған термин. Компьютерлік техника терминдерін тек көшіріп қабылдаумен шектелмей оның ұлттық сипатын арттырамыз десек, *тінтуір* тәрізді ұғым мазмұнын ұтымды бейнелеп беретін атауларды қолданысқа енгізген жөн.

Оныншыдаң, **аударуды қажет етпейтін терминдерді қазақшалаймыз деп қателіктерге ұрыну жиі ұшырасады**. Мәселен, эпонимдерді аударудың еш реті жоқ. Алгоритмді *бағдаржол* деп аударудың ешқандай қисынға келмейтіні анық. *Алгоритм* адам аты “әл Хорезм” (патынша *Algoritmi*) оны аударудың қажетсіздігі өз-өзінен түсінікті. Бұл жөнінде айтылып та, жазылып та жүргеніне қарамастан өлі де *бағдаржол* терминін қалыптастыруға ұмтылушылар бар. Атаудан гөрі анықтамаға жақын көп компонентті шұбалаңқы, түсініктеме терминдер түзу де термин шығармашылығында кездесіп жатады. Тіліміздің термин қорына өзге тілдерден еніп “халықаралық терминдер” деп аталып жүрген терминдердің қай түрлерін аударып, қаншалықты бөлігін тіліміздің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіріп қалдыру керектігі де өз алдына арнайы сөз етуді қажет ететін ғылыми шешімін таппаған мәселелердің қатарына кіреді.

Біз қазіргі термин шығармашылығында жиі ұшырасып жататын барлық салалық терминдер жүйесіне тән басты кемшіліктерді атап көрсетуді мақсат еттік. Термин жасаушы, сөздік түзуші салалық мамандар осы аталған кемшіліктерге назар аударар деген үміттеміз. Мақалада көрсетілген жайттардың мамандар жұмысына практикалық көмегі болып, ойдан ой туындап жатса, ортақ іске септігіміздің тигені деп білеміз.

КЕЙБІР ҰҒЫМДАР МЕН ТЕРМИНДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ ТУРАЛЫ

Қазақ әдеби тілін қалыптастыруда мерзімді баспасөздің атқаратын қызметі зор. Газет авторларының білім дәрежесінің, интеллектуалдық жағдайының, түсінік-түйсігі мен ұстанымдарының және мамандықтарының әр түрлі болуына байланысты сөздердің жазылуында кейде бір-біріне қарама-қарсы жағдайлар бола беруі әбден мүмкін.

Басқа тілден аударма арқылы қазақ тілін байыту мақсатындағы ізденістерде де бірізділік бола бермейді. Демек, кейбір сөздер аудармаларының әр түрлілігі болуы немесе аудармай сол күйінде ұсынылуы – табиғи құбылыс.

Қазақ тілін жергілікті ерекшеліктер есебінен байытуға ниет етушілер де баршылық. Олардың да пайдалы іс жасап келе жатқандарын теріске шығара алмаймыз. Қалай болғанда да, қазақ әдеби тілінің қазіргі жайын және оның даму барысын мерзімді баспасөз тілінен аңғарып отыруға толық болады.

Төменде келтіріп отырған деректер осы ойымыздың дәлелі іспетті.

Жолақы, қала көліктерінде жүру билеттері.

Осының біріншісі (*жолақы*) соңғы кезде жиі қолданылады, ал екінші атауы (*қала көліктеріндегі жүру ақысы*), біріншіден, шұбалаңқы; екіншіден, *жолақы* тек қала көліктерінде ғана емес, қалааралық көліктерде де қолданылады. Соған қарамастан, бұл сөз тіркесін қолдану кездесе береді: **«Қала көліктерінде жүру билеттерінің қымбаттағаны белгілі»** («Алматы ақшамы»).

Нысан (объект), *нысан* (форма): **«Аукционға енгізілген жаңа тәртіп бойынша ұсынылған *нысандар* бұрынғыдай отыз күнде емес, он бес күн ішінде сатылатын болып отыр»** («Алматы ақшамы»). **«Жұмысты ұйымдастырудың түрлі *нысанын* да көрдім»** («Егемен Қазақстан»).

Біздіңше, *нысан* сөзін объекті мағынасында қалдырған жөн. **Үйретінділік: «Кеңес кезіндегі үкімет өлтірмейді» деген үйретінділіктен арылатын уақыт жетті»** («Ана тілі»). Үйретінділік сөзі әдеттің мағынасында қолданылған сияқты.

Бағдарламаның орнына бағыттама сөзінің қолданылатын жайы да кездеседі: «Халықтық педагогика тағылымдарын сабақ үстінде, сабақтан тыс тәрбие сағаттарында пайдаланудың **бағыттама**сы жасалынып, тақырыптық кесте өткізіледі» («Ана тілі»).

Кіре беріс тіркесінің орыс тіліндегі подъяезд мағынасында қолданылуы қалыптасып келе жатыр: «Жақын маңдағы көшелерде, үйлердің **кіре беріс** алаңқайында, жатақхана айналасында бас сауғалап жүргендерді *итпен* қуып ұстап, жазалау жалғаса берді» («Егемен Қазақстан»)

Көлік жолдары (мостовая), жаға жолдар (тротуар) сөздері де қалыптасу үстінде «...он жеті шақырымнан астам **көлік жолдары**, отыз бір шақырымнан астам жаға жолдар салынбақ» («Егемен Қазақстан»). Тротуар сөзінің орнына жүргіншілер жолдары деген тіркес те қолданылып жүр, бұдан гөрі жаға жолдар тиімді сияқты: «Көлік иелері жұмыс уақыттарында автокөліктерін **жүргіншілер жолдарына** қоюда» («Алматы ақшамы»).

Кей жағдайларда бөлек жазылатын сөздер бірге жазылып, бірге жазылатын сөздер бөлек жазылып жүр. Мысалы, бас қосу – басқосу, темір жол – теміржол: «...Тіл үйірмесінің **бас қосуы** болды» («Алматы ақшамы»). «Бұл жолғы **басқосу** ерекше болды» («Алматы ақшамы»). «Қазақстандағы **темір жол** үшін 1992 жылы құрылған «Темірбанк» қайда қалды деген сауал жиі айтыла бастады» («Қазақ елі»). «...**Теміржол** шаруашылығының қаржылы сұранымын қамтамасыз ететін Темірбанктің 24 елді мекенде филиалы ырағаты жұмыс істей бастады» («Қазақ елі»).

Туған (туылған емес): «Жаңа президент 1940 жылы **туған** – ұлты молдаван» («Алматы ақшамы»).

Шәкіртақы сөзі стипендия мағынасында қолданылатын реттер де кездеседі: «...екі мезгіл тамақ, **шәкіртақы** бөлек қаржы бабы арқылы беріледі» («Алматы ақшамы»). Шәкіртақы сөзі стипендия сөзінің баламасы бола алмайды, өйткені қазіргі кезде стипендияны көрнекті ғалымдар, өнер адамдары алады, ал шәкіртақы оқушыларға, студенттерге және аспиранттарға тиесілі.

Майса. Кейбір газет материалдарының авторлары көпшілікке түсініксіз сөздерді тілімізге енгізуге тырысады. Солардың бірі осы – майса сөзі: «...Ұйымдастыру комитеті қойнауына қазына көміліп, **майсасына** мал мамырлаған өлкенің ... бейне-бедерінен астана жұртшылығын кеңінен таныстыру мақсатында дайындық жұмыстарын жүргізіп жатыр» («Ана тілі»).

Имантаразы, қаймана, пәруайы пәлек сөздері туралы да осыны айтуға болады. «Ұшақтың салонында шәния-шәния шалқайып шәй ішу, газет оқу немесе қалғу-мүлгу – **қаймана** қазақтың есінен шыққаны қашан» («Қазақ әдебиеті»). «Анау жылдары, былтырлары, қайта **имантаразы** еді – екі-үш қойға бір қорап көмір аударып беретін.» («Ана тілі»). «...Биікте еңселі «күн көсем» қолын көкжиекке ұмсына әлі қарап тұр. Міз бағар емес, жаманды-жақсылы заман өзгергені, өткеннің - бүгінге

сөз бергені, басқа бір қоғамның кез келгені оған **пәруайы пәлек**» («Қазақ әдебиеті»). *Жадылану* сөзін де осы қатарға қосса болар еді: «*Баюдың жөн-жосығы осы екен деп адамдықтан аулақтанып мүлдем жадыланып, жабайыланып бара жатқан жоқпыз ба?*» («Қазақ әдебиеті»).

Отарба. Бұл күнде үлкен де, кіші де әбден әдеттеніп кеткен поезд сөзінің орнына отарбаны қолдану түсініксіз-ақ. «...*Ұшаққа да мінуге болар еді, қалтадағы қағазы құрғыр осы отарбаның өзіне әрең жетті*» («Қазақ әдебиеті»).

Жолсапар сөзін кейбіреулер орыс тіліндегі *командировка* мағынасындағы *іссапар* сөзімен шатастырады. Екеуінің екі түрлі мағынада қолданылатынын айта кету керек, өйткені, жолға шығудың барлығы (*жолсапар*) *іссапар* бола бермейді. Демек, *іссапар* дегеніміз – арнайы мақсатпен, тапсырмамен тиісті жерге бағыт алу деген сөз, ал жолаушылардың көлік арқылы қозғалысының барлығы *жолсапар* болып табылады: «...*Мешіт иелеріне рахмет айтып, игі тілекпен жолсапарды жалғадық*» («Қазақ әдебиеті»). «*Ерінбетов Елес ... әдеттегідей жолсапарға шығып, пойыз вагонында жолаушыларға қызмет көрсетіп бара жатады*» («Заң газеті »).

Мұрағат, жәдігер, экспонат сөздерінің қолданылуы туралы да айта кетуге болады. Бір қарағанда, шәуеуі де өзара синонимдес сөздер сияқты, бірақ әрқайсысының айырмашылығын байқау қиынға соқпайды. *Мұрағат* деп жеке адамның мұрасын айтуға болар еді: «*Ежелгі көшпенділер мәдениетіне қатысты тың деректер іздестіру, халықтардың өркениет өрісіндегі бір-біріне ықпалын... мұражайлардағы мұрағаттар арқылы зерттеу – жорықтың ең басты мақсаты*» («Ана тілі»). *Жәдігерлер* дегеніміз – мұражайдағы жекелеген заттар: «*Байқоңыр аймағында даңқты оқиғалардың дәріпін жайған жәдігерлер мен үлкен әріптермен жазылатын есімдердің құрметіне орнатылған ескерткіштер баршылық*» («Қазақ әдебиеті»). Ал *экспонат жәдігер* сөзінің орыс тіліндегі баламасы болғандықтан оны қолданудың оншалықты қажеттілігі жоқ.

Музыкалық аспап, музыкалық инструмент. Мағыналары бір мұндай сөздердің қазақшасын ғана қолданса болар еді, өкінішке орай осы сөздер жарыса, қатарластырыла қолданылып жүр. «...*Мұғалім бір музыкалық аспапта – скрипкада не клавишалы инструментте – ойнай білуі міндетті болыпты*» («Қазақ әдебиеті»). *Мәтін мен текст* сөздерінің жайлары да осындай: «*Бұл мәтіннің жанына 1982 жылы 23 желтоқсанда «Нюнберг» газетінде «сабақ үстіндегі соғу» деген тақырыппен хабар ілініпті.... Экскурсия жүргізуші жоғарыдағы текстің мазмұнын әңгімелеп тұр*» («Қазақ әдебиеті»). Осы сияқты, *самолет* және *ұшақ* сөздерінің де қатарластырыла қолданылуы көңілге қонбайды: «*Кешегі тәуелсіздік мерекесіндегі әскери парадта қыргы ұшақтарды басқаратын бірде-бір қазақ жігіті болған жоқ*» («Ана тілі»): «*Мені самолетпен Алматы*

облысының ауруханасына алып келді» («Алматы ақшамы»). Дәл осы сияқты, футбол және аяқдоп сөздерінің де қатарластырылып жұмсалуды қисынсыз: «Мүмкін, келесі жылғы **аяқдоп** сайысынан бастап... екі-үш қазақ футболшысын ойынға қатыстырып отыруды жаттықтырушыларға міндеттеген жөн болар» («Алматы ақшамы»). «Қараша айының бел ортасында **футбол** бессайысының ойындары мәре сызығына келіп жетті» («Алматы ақшамы»). Біздің түсінігімізше, халықаралық термин ретінде футбол сөзінің қалғаны дұрыс.

Кейде кейбір атауларды шұбалаңқы түрінде қолдану дағдысы байқалады: *Нан пісіретін наубайхана, ұн үгетін диірмен* т.с.с. «Таяу арада мектепке нан пісіретін **наубайхана** пайдалануға берілмек» («Егемен Қазақстан»). «Қазір олардың **ұн үгетін диірмені**... өнімдері өздерінен артылып, сыртқа да сатыла бастады» («Егемен Қазақстан»). Наубайхананың нан пісіретіні, диірменнің ұн үгетіні өзінен-өзі түсінікті емес пе? Сондықтан жеке сөздер түрінде *наубайхана* және *диірмен* деудің өзі жеткілікті болар еді.

Спорттық тарих, балуандық тарих, медициналық емдеу, клиникалық емхана деген сөздерге қарағанда, біздің журналистеріміз қатыстық сын есімді орынсыз қолдануды әдетке айналдырып келе жатыр: «Біздің агенттіктің әу баста тұсау кесуінің өзі қолдан келгенше қазақтың **спорттық тарихын** жасасақ деген талпыныстан туған еді» («Егемен Қазақстан»). «**Балуандық тарихтың** әр қырынан сыр шертетін өзінше бір шежіре десе де болады... Бұл кәсіпорын мүгедек адамдарға **медициналық емдеу** қызметін көрсетіп, протез жасау арқылы **материалдық жәрдем береді**» («Алматы ақшамы»). *Айта кететін жайт* – Алматы дәрігерлер дайындау университетінің клиникалық базасының болмауына сәйкес бұл кафедра Алматы темір жол **клиникалық емханасында** орналасқан («Егемен Қазақстан»). Осы мысалдардағы *-дық, -лық* жұрнақтары артық, орынсыз жалғанып тұр. Дұрысында, бұл сөздер матаса байланысып тіркесулері керек еді: *спорт тарихы, балуандар тарихы* т.с.с., ал *медициналық емдеуге* келетін болсақ, мұндағы алдыңғы сөз мүлдем артықшылық етеді, себебі емдеудің өзі медициналық шара екендігі өзінен-өзі түсінікті. Сондай-ақ *клиникалық емхана* тіркесі күлкі тудырады, олай болатыны – емхананың өзі *поликлиника* мағынасында жұмсалатыны баршаға мәлім. Олай болса, клиникалық поликлиника деп ешкімнің айтпайтыны белгілі. Мұндай қатыстық сын есімдердің қолданылатын жерлері де баршылық. Мәселен, «*Жиналғандар ардагерлерге гүл шоқтарын сыйлап, **ғұмырнамалық** фильм көрді*» («Егемен Қазақстан»). Осындайда *ғұмырнамалық* сөзі ненің фильмі емес, қандай фильм екенін көрсетіп тұр.

Кейде бір мағыналы сөзді бірнеше варианттармен беру де әдетке айналып бара жатыр. Айталық, *мейірбике, медбике* сөздерінің беретін мағынасы бір: «*Аурухананың **мейірбикелік** күтім деп аталуының өзі*

мұнда тек білімді медбикелердің істеуінде» («Алматы ақшамы»). Мұндайда сөздің эмоциональдық әсеріне бірінші кезекте мән берудің қажеттігі жоқ. Керісінше, бейтарап мағынадағы сөздер болуға тиіс. Солай болғандықтан қазіргі кезде *медбике* сөзі көпшіліктің тұрақты қолданысына айналып отыр.

Жол қозғалысы деген тіркестің қолданылуы да ойдағыдай бола бермейді, себебі қозғалатын жол емес, жолдағы көліктер мен жүргіншілер. Яғни, бұл жол *қозғалысы* емес, *жолдағы қозғалыс* болуға тиіс. Солай бола тұра жол қозғалысы деп қате қолданып жүр: **«Жол қозғалысы қауіпсіздігін бұзған 12995 факті тіркелді» («Алматы ақшамы»).**

Әділ қазылар алқасы деген тіркес айтылуда әдемі болғанымен, әділетке көп сәйкес келе бермейді: *«...Әділ қазылар алқасының есепшот жұмыстарына да уақыт бөле білді» («Алматы ақшамы»).* **«Әділ қазылар алқасының шешімі бойынша Еуразиялық университеттің студенттері бірінші орынды иеленді» («Атамекен»).** Бұл мысалдардағы шешімдер дұрыс та шығар, кей жағдайда қателіктер де болатындығы белгілі. Сондықтан, әділ сөзін қоспай-ақ, *қазылар алқасы* дей салса да жеткілікті.

Кейбір баспасөз материалдарында қазақшаға аударылуға тиіс сөздердің орысша түрі де ұшырасып отырады: *«...ондаған күрделі шығармалар концерттік программалардан түспейді, радио мен теледидар арқылы эфирмен таралып жатады» («Егемен Қазақстан»).* Осындағы программа сөзінің қазақ тілінде *бағдарлама* деп қабылданып жүргеніне көп уақыт болып қалды. Ал, тележурналистер *эфир* және *әуе толқыны* деген сөздерді жарыстыра қолдана береді. Тегінде, *әуе толқынының* тұрақтағаны дұрыс болар еді. Ал, *профессионал* сөзінің *кәсіптік* деп аударылып (кәсіптік спорт, кәсіптік сахна, кәсіптік мамандық т.б.), қолданылғанына біраз жыл өтті және ол дұрыс та еді. Соған қарамастан орыс тіліндегі сөз қолданыла береді: *«... есімі әлемге әйгілі сиқыршы С.Шүкіров пен С.Қабигожинаның профессионал сахнамен қоштасу кеші болады» («Алматы ақшамы»).* *«Абырой болғанда, журналист жігітке звондауға рұқсат етеді» («Алматы ақшамы»).* *«Қазіргі ең кішіміз гої, солай звондап қоятыны бар» («Алматы ақшамы»).* *Телефон шалу, телефон соғу* сөздерінің орнында ауызекі тілде қолданылатын *звондауды* жазба тілге кірістіру оншалықты жарасып тұрған жоқ.

Орыс тілінен қазақ тіліне калька аударма арқылы беріліп жүрген сөздердің сәттісі де, сәтсізі де кездесіп отырады. Мәселен, *капустаны қырыққабат* деп аудару ойға біршама қонымды: *«Бұл витамин шошқа бауырынан, мал жұпынынан жасалған тағамдарда, қырыққабатта мол» («Алматы ақшамы»).* *Арақшылдық* сөзі де (алькоголизм) мазмұнына сәйкес қабылданған сияқты: **«Арақшылдық адамгершілігімізді аздырып, ұлтымызды тоздыруда» («Егемен Қазақстан»).** Аурухана сөзі кез келген қазақтың ұғымында мықтап орнығып тұрғанда, *больницаның* орнына

дертхананы қолдану оншалықты тиімді емес: «*Сізді Павлодардағы дертхана емес, Алматыдағы мақтаулы мекемеге жіберемін*» («Алматы ақшамы»). Сол сияқты, *саясаткер* сөзі тұрақты айналымға түсіп отырғанда, *саясатшылар* сөзін қолданудың қаншалықты ұтары бар: «*Ал, Ресейдің басқа саясатшылары әр түрлі себептермен клубқа мүше болуға сай келмейді*» («Алматы ақшамы»). Кей кездерде орыс тілінде қолданылған ұғымдарды қазақ тіліне сәл өзгеріспен аударушылық бар: «*Көңілді тапқыштардың клубтарының бұл кездесуіне Алматы қаласындағы жоғары оқу орындарының студенттері қатысты*» («Алматы ақшамы»). Мұндағы дараланған сөздер көңілділердің және тапқыштардың клубы болуға тиіс (КВН). *Памятканың – жадынама* болып аударылуы он жылдың аясында тілімізге кірігіп, қисынды сіңісіп кетті: «... *қорғаныс штабы мамандарының бұл жөнінде он ойланып, жүз толғанып жасаған әжептәуір жадынамасы бар*» («Егемен Қазақстан»). Автор мен туындыгердің қатарласа қолданылуы орынсыз: «*Қапан Сатыбалдин – бірнеше драмалық шығармалардың авторы*» («Егемен Қазақстан»). «*Биқұмар Кәмалашұлы – көптеген әдеби шығармалардың туындыгері*» («Қазақ елі»). Әділінде, автор сақталып қалуға тиіс.

Туындыгерден шығады, қазақ тілінде *иегер*, *киногер* тәрізді сөздер де қолданыс тауып жүр: «*Жабайы жануарларды аялап, қамқорлыққа алушы иегерлерге жеткілікті жұмыс киімдері... әзірленді*» («Егемен Қазақстан»). «*Алматы әлем киногерлерінің орталығына айналып, көрермендер қадағалай құлақ түріп отырды*» («Егемен Қазақстан»). Осы мысалдардағы *-гер* қосымшасына аяқталған сөздердің қолданылуы орынды сияқты. Басқа реттерде *иегер* сөзінің орнын таппай қолданатыны байқалып жүр. Айталық, *Мемлекеттік сыйлықтың иегері* деудің қисыны жоқ, өйткені мұндайда *лауреат* сөзі орынды, ал *иегер* сөзі орыс тіліндегі *обладатель* сөзінің баламасы ретінде жұмсалуға тиіс. *Газет* сөзінің орнына *үнқағаз* сөзінің пайдаланылуы да қателіктен хабар береді: «...*қазақша үнқағаздардың бір-екеуін жаздырып алғандары жөн бе деп ойлаймыз*» («Алматы ақшамы»). Көпшіліктің түсінігінде *үнқағаз* орыс тіліндегі *листовка* сөзінің аудармасы деп қабылданылғаны жөн. *Қамқорхана* сөзі мына келтірген мысал ыңғайында жалпы мағынада қолданылып, нақтылықты (приют) білдіре алмайды: «*Балқаш қаласындағы тастанды балаларды бағып күтетін он бес орындық қамқорханаға тағы төрт сәби әкелінді*» («Ана тілі»). Осыған орай *балалар отбасы* деген тіркестің қолданылуы қазақ тілін білетін қай адамның болса да ренішін туғызады. Қазақ ұғымында *отбасы* дегеніміз – ерлі-зайыпты, балалы-шағалы, әкелі-ұрпақты адамдардың басын қосатын шағын «отан», ал балалар отбасы деген ұғым, турасын айтқанда, басқа

сыймайтын ұғым. Бұлай кете берсек, *әкелер отбасы, аталар отбасы, аналар отбасы, ұлдар отбасы, қыздар отбасы* деп жалғастыра берер едік. Мұндай тіркестер ақылға қонымсыз. Соған қарамастан, баспасөз материалдарынан *балалар отбасына* мысал ұшырасып қалады: «*Жан*» кемтар **балалар отбасына** қамқорлық көрсету қоғамы «*Жасөспірім таланттар – 97*» республикалық байқауын өткізуді жариялады» («Егемен Қазақстан»).

Баспасөз тілінде өте жиі қолданылатын сөздердің бірі – *қызығушылық*: «*Қазақстан астанасына келген әрбір шетел көсемдерінің, мемлекет басшыларының біздің бас мұражайды тамашалап кетуге құмартып тұруы, соған уақыт табуға тырысуы Қазақстанға деген зор қызығушылығын білдіреді*» («Егемен Қазақстан»). Тіпті, ресми құжаттарда да осылай *қызығушылық* жиі жұмсалғанымен, біздіңше оны *ынта* сөзімен алмастырған ұтымды көріне береді, өйткені біршама эмоциональдық мәні бар *қызығушылықтан* гөрі, салқынқанды *ынта* сөзінің өз орнында болғаны әлдеқайда дұрыс. Осы тәріздес, *қиратындылар* сөзінің орнына *қалдықтар* сөзін қолданған орынды сияқты: «*Төретам қыстағын айнала қоршаған қиратындылардың арасында ашық күнде адасып кетесің*» («Қазақ елі»). «*Канализациялық және мұнай айдайтын станцияларды ішінде уландырғыш заттары бар тастанды қалдықтардың басып қалуы экологтарды қатты алаңдатып отыр*» («Атамекен»).

Әлі күнге дейін қазақтың қасиетті тамақ атауының дұрыс жазылмай және дұрыс айтылмай келе жатқан сырттайғы адамдардың кекетінді күлкісіне айналған бір сөз бар. Ол – *бесбармақ* сөзі: «*Жаңа жылға арналып мыналар дайындалуда: манпар, әсіп, бесбармақ...*» («Алматы ақшамы»). Бұл сөздің қолдануда кеткен қателікті бірнеше себептермен түсіндіруге болады: біріншіден, адамның бір қолында бір ғана бармақ бар, демек, бесеу емес; екіншіден, ыдыс-аяқтың аз кезінде қазақтың етті бес саусақпен жегені тарихи шындық, бірақ бұл да *бесбармақ* аталуының қателігін көрсетеді; үшіншіден, тағамның аты сол тағамды жеу құралының атымен аталатын болса, *дүнген лапшасы – екі таяқ* деп аталар еді ғой, *украин борышы қасық* деп аталмас па еді. Төртіншіден, кейбір ұлт өкілдерінің тіпті тым мәдениетті қазақтардың қалың қазақты мұқату үшін әдейі айтуы мүмкін. Сондықтан бұл қасиетті тағамды «қазақша дайындалған ет» деп атауды тұрмысқа енгізіп, дәстүрге айналдырған жөн болар еді.

Сонымен, қазақ баспасөз тілінде термин немесе ұғымдарға қатысты деректер бұдан әлдеқайда көп екендігі белгілі. Бұл фактор қазіргі қазақ тілінің мәдениеті жөнінде көптеген пікірді ортаға салып, ақылдасуға мол мүмкіндік береді.

ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІНІҢ СОҒЫ ОНЖЫЛДЫҚТА ТЕРМИНОЛОГИЯНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

Терминология мәселесі бүгінгі күні күн тәртібінен түспей тұрған өзекті мәселелердің бірінен саналады. Бұл орайда біршама жұмыстар атқарылғанымен әлі де болса шешімін таппай отырған мәселелердің бар екендігі жасырын емес. Солардың бірі термин қалыптастыру ісіне қатысты. Ал ұлттық терминологияны қалыптастыруда бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі ерекше. Расында да баспасөз құралдары термин қалыптастыруға ықпал етуші маңызды факторлардың бірі. Ұлт тілінде баспасөздің, яғни алғашқы қазақ газеттерінің жарыққа шыққан кезінен-ақ терминдердің қалыптаса бастағанын білеміз. Әйтсе де баспасөздің ұлттық терминологияны қалыптастырудағы рөлінің жанданған кезі 1990 жылдан кейінгі уақыт. Себебі 90-ыншы жылдан басталған қоғамдағы саяси-әлеуметтік, мәдени өзгерістер терминология мәселесіне ұлттық мүдде тұрғысынан жаңаша қарауды талап етті. Нәтижесінде көптеген терминдердің қазақша баламалары жасалып, қалыптасты.

Бір айта кетерлік жай, бұл үрдіс кең етек ала бастағанымен, әлі де газет беттерінде кемшіліктерге жол беріліп отырғандығы, нақтырақ айтар болсақ, әркімнің өз білгенінше термин жасауы салдарынан орынсыз қолданылып жүрген терминдердің молынан ұшырасатындығы байқалады. Яғни, олар термин табиғатын танып-білмесе де өз терминдерін қолдануға барынша тырысып отырды. Нәтижесінде сапасыз терминдер пайда болып, жұртшылықтың терминдерді кең ауқымда қолдануына кері әсерін тигізді. Бірақ бұл ешкім де термин жасаумен айналыспау керек деген сөз емес. Әркімнің термин жасауға толық мүмкіндігі бар. Дегенмен термин жасаушы терминге қойылатын талаптарды дұрыс білуі және оған немқұрайды қарамай, үлкен жауапкершілікпен қарағаны абзал. Сонда ғана сапалы терминдердің жасалуына оңай қол жетер еді.

Жалпы термин ғылым мен техниканың белгілі бір саласында қолданылатыны себепті терминдерді әрбір саланың өз мамандары жасайды. Ал олардың жасаған терминдерін түзеп, дұрыстап отыру - тіл мамандарының міндеті болмақ. Себебі, термин жасаушы салалық мамандар өздері жасаған терминдердің тілдің қандай заңдарына сүйеніп жасалғанын біле бермейді. Бірақ біз бұл арада салалық мамандардың ішінде тілдің заңдылықтарын жетік білетін ғалымдар бар екенін жоққа шығарып

отырған жоқпыз. Әйтсе де термин шығармашылығында салалық мамандар мен тілші ғалымдар бірігіп жұмыс жасаса жасаған терминдері сәтті шығып, бірден қалыптасып кетер ме еді демекпіз.

Сондай-ақ мемлекеттік терминология комиссиясы ресми түрде бекітіп берген терминдерді жүйелі түрде, бірізді қолданбау да газет беттерінде орын алып келеді. Бір ғана мысал терминком 1992 жылы *семья* сөзін *отбасы* деп бекіткенімен, отбасының орнына жанұя сөзін жарыса қолданушылар бүгінгі күнге дейін кездесіп отыр. Сонымен қатар қазақша баламалары бола тұра бұрынғы шет тіліндегі нұсқаларын жарыса қолданушылар да жиі кездеседі. *Мысалы, несие-кредит, пайыз-процент, нарық-рынок* т.б.

Бұл сияқты әрекеттер оқушы қауымды шатастырып, оның (терминді) дұрыс қолдануына кедергі келтіретіні сөзсіз. Сондықтан жазушылар, журналистер немесе басқа да қарапайым көпшілік болсын терминдерді қолданғанда аса бір ұқыптылық танытқаны дұрыс қой деп ойлаймыз. Мәселен, өркениетті халықтар терминология комиссиясы бекітіп берген терминдерді бірізді қолдануды қатаң дәстүрге айналдырған. Ал бізде бұл мәселе осы уақытқа дейін дұрыс шешімін таппай отырғаны шындық. Бұны қазірден бастап қолға алмасақ қазақ терминологиясының онсыз да қордаланып қалған мәселелерін шешудің жолдары қандай дәрежеде болмақ?

Дегенмен бұл айтылғандарға қарап баспасөздің терминдерді қалыптастырудағы рөлі бәсеңдеп отыр деген ой тумаса керек. Қазақ баспасөзінің, оның ішінде 1990 жылдардан бері шығып тұрған қазақ газеттерінің термин қалыптастырудағы рөлі орасан зор. Біздің бұл мақаланы жазудағы мақсатымыз да осында. Ұлт тілінде термин қалыптастыру үрдісі белең алып отырған бүгінгі күні көптеген терминдердің қазақша баламалары жасалып, қалыптасуда. Мәселен, газет беттерінде *пенсия, пенсионер* деген терминдер кейінгі кезде зейнетақы, зейнеткер болып қалыптасқаны белгілі.

“Пенсия” сөзі о баста “қаріп-қасірлерге берілетін жәрдем, төлем” болса осы тіл негізінде пайда болған ағылшын тілінде мынадай мағыналарда қолданылады: 1) пенсия, жәрдемақы; 2) пансион. (Большой Англо-русский словарь. Москва: АСТ., Минск: Харвест, 2000. —С.710).

Дәл осы мағынадағы қолданыс француз тілінде де кездеседі. Бұл сөз “пенсия” деген мағынада орыс тіліне еңсе “пансион” деген мағынасы да орыс тілінде бірнеше мағынада қолданылады. Біріншіден, бұл төңкеріске дейінгі кезеңде Ресейде жатақханасы бар орта оқу орнын бітірген, екіншіден “пансионат” деген мағынада; үшіншіден, әлде бір орында, әлде біреудің күтуінде, қамқорлығында болу деген мағыналарда қолданылады.

Мақал-мәтелдердің қысқа, аз ғана уақыт ішінде қалыптасып кете салмай халықтың ұзақ жылдар бойғы өмір тәжірибесі негізінде туындайтынын ескерсек “зейнеттің” “рахат” мағынасында ерте кездерде-ақ қолданылғанын аңғарамыз. Бұл сөз осы мағынада қазіргі уақытта әлеуметтану ғылымының термині ретінде қалыптасты.

Баспасөз беттерінде “әнұран” термині де белсенді қолданылып жүр. Әйтсе де осы *әнұран* сөзімен бірге газет беттерінде *елұран* сөзінің де жарыса қолданылғанын айту орынды. Бұл сөздердің (әнұран, елұран) жарыса қолданылып жүргеніне келсек басын ашып айтатын нәрсе “гимнді” аудару қажеттілігі. Сөздің дыбыстық құрылымы қазақ тілінің табиғатына сай көлуімен қатар оған қазақ тілінен сәйкес баламалар табу мүмкіндігі анық көрінеді. Оның қазақ тіліндегі баламасы “әнұран” және онымен жарыса қолданылып жүрген “елұранға” келсек әңгіме олардың бірінші сыңарына ғана қатысты болар еді. Жалпы олардың екеуінің де “гимн” баламасы ретінде қайшылық тұстары жоқ. Мәселе олардың әрқайсысының затқа (гимнге) балама ретінде екі түрлі белгісін (уәжді) алуында. “Әнұран” дегенде біз ұғымды құраушы негізгі екі атрибутты “ән” және “сөзді” (ұранды) түсінеміз, ал “елұран” дегенде бірінші атрибут мемлекеттік бірлік идеясы түрінде көрінеді. Сондықтан әңгіме терминнің жалпы мағынасын ашатын (әр қырынан) екі бөлек біріккен сөз туралы болып отыр деу керек. Осылай болғандықтан қалыптасқан жағдай терминге балама ретінде бекітілген атауды осы бекітілген атаумен жарыса қолданылып жүрген басқа атаулардан ажыратып және барлық сөз қолданыстарында сол күйінде пайдалану қажеттілігін көрсетеді.

Баспасөз беттерінде жиі қолданылып жүрген “егемен” сөзі де “суверенитет” сөзіне балама ретінде қалыптасты. Қазақ тілінің кейбір говорларында сөз ортасында *ә, ғ* дыбыстарының сақталып қалуы себебінен *ие* сөзі *еге* түрінде (оңтүстік қазақтардың тілінде) айтылатыны мәлім. Ал осы *ие* болу, егемен дегеніміз — мемлекеттің ішкі-сыртқы істерін өзі ғана басқару, өзге мемлекеттерге тәуелді болмау, яғни өз елін, өз жерін өзі ғана билеу деген мағынаны білдірсе керек. Сондықтан “суверенитет” деген сөзге балама ретінде “егемендік” сөзін қолдану орынды деп ойлаймыз. Және де сөздік қорымызды жергілікті халық тілі негізінде молайтуды көздеу терминдердің ұлт тілінде қалыптасуына мүмкіндік береді.

Ал “право” сөзінің орнына “құқық” сөзінің қолданылып жүргені мәлім. Біздің ойымызша араб тілінде еріндік дауыстымен де, езулік дауыстымен де айтылатын “құқ” сөзі қазақ тілінде ертеден айтылатын “қақ”, “қақы” түрінде, езулік вариантында қалыптасқан. Негізгі сөздік қорға кіретін бұл сөздің ерте кезден қалыптасқанының бір белгісі оның мағыналарының сараланып бірнеше түрде қолданылуы болса керек.

“Қақ” сөзі құқық, право, ақы, сондай-ақ шындық, ақиқат мағыналарында да кездеседі. Бұл сөзбен салыстырғанда “құқық” сөзінің “право” мағынасында кейінгі кезде ғана енгені белгілі. Шындығында оған деген қажеттіліктің болмағанын да байқау қиын емес.

Эстетикалық принцип тілімізге енген сөздерді айтылуы мен есте қалуын, қолданысқа түсуінің қиындық тудырмауы мақсатында олардың мүмкіндігінше әуезді айтуға жеңіл болып келуін көздейді.

Алайда, дәл қазіргі уақытта бұл терминнің кең қолданысқа еніп пайдаланып жүргеніне орай оны қайта ауыстырып жатудың қажеті жоқ деп

есептейміз. Бұл жай бізге кейбір терминдерге қатысты өз тілдік байлығымызды сарқа пайдалана бермейтіндігімізден хабар берсе керек.

1990 жылдардан бергі уақыттағы газет беттерінде әскери терминдердің де біршама қалыптаса бастағанын айта кету керек. Олардың бірі — ұлан сөзі.


Тіліміздегі әскери лексиканы арнайы зерттеуші Т.Байжанов былай дейді: ұлан — жалпы түркі тілдеріне ортақ көне сөздердің бірі. Көне түркі жазуларында оғлан түрінде кездеседі (*Байжанов Т. Қазақ тіліндегі әскери лексика. -Алматы: Рауан. 1991*) десе, ғалым Б.Сағындықұлы “ұлан” сөзінің түбірі түркі тіліндегі “тұғұл” болғанын, осы “тұғұл” = архетипі қолданылу барысында есім жасайтын көне = ан жұрнағын жамап алғанын, бұл сөз оғыз тілдерінде: туғулан > тоғулан > оғлан болып дамығанын және “Оғлан” сөзі жас өспірім, жеткіншек, өрен мағынасын білдіретін “ұлан” формасында қазіргі қазақ тіліне келіп жеткендігін айтады (*Сағындықов Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. -Алматы: Санат, 1994*). Біз де осы пікірлерге толық қосыла отырып, бұл сөз “ұл” деген түбірге көптік мағынаны білдіретін “ан” жұрнағын қосу арқылы (ұлан) жасалған дей аламыз. Сондай-ақ тіліміздегі ұлан-байтақ, ұлан-асу, ұлан-ғайыр сияқты сөздердің де көптікті, молдықты білдіретіндігі белгілі.

Соңғы жылдары туысқан түркі тілдерінен сөз алудың нәтижесінде газет беттерінде ұшақ, тікұшақ сөздерін жиі кездестіре бастадық. Мұндағы “тікұшақ” сөзі “ұшақ” сөзінің негізінде пайда болғаны мәлім.

“Самолет” таза орыс тілінің сөзі болғандықтан ең алдымен осы терминдерді аудару мәселесінің көкейкесті екендігін айту керек. Енді осы сөзді аударған кезде біз өз тілімізде жоқ терминдерді көршілес түркі тілдерінен алу процесін жалпы термин жасаудың бір тәсілі ретінде қарастыруға болады. Жалпы терминнің морфологиялық құрамына қарасақ одан қазақ тілінің сөзжасам жүйесіне қайшы келетін ешнәрсе байқалмайды, сөздің түбірі “ұш” етістігі қазақ тілінде өнімді қолданыста болса, ал сөздің екінші бөлігін құрайтын “ақ” қосымшасы да тілімізде зат есім тудыратын жұрнақ ретінде қолданылатыны белгілі. Орысша “сам” (өзі) және “ле(т)” (ұшу) мағынасындағы түбір.

Екінші бір “жоғары қарай ұшу” мағынасындағы “вертолет” термині қазақ тілінде “тікұшақ” болып қалыптасты. Жасалу тәсіліне қарай біріккен сөзден тұратын бұл термин қазақ тілінің төл сөзжасам жүйесі негізінде туған терминге жатады. Қазақ тілінде терминнің уәжі (мотив) орыс тіліндегі секілді “тік”, яғни жоғары бағытта ұшу.

Қорыта айтқанда, бұқаралық ақпарат құралдары жоғарыда сөз болған терминдерден басқа да ұлттық терминдерді қалыптастыруда белсенді қызмет атқарып келеді дей аламыз. Газет беттерінде үлкенді-кішілі кемшіліктердің орын алып отырғанына қарамастан шынында да терминдердің қалыптасуына баспасөз құралдарының ықпалы үлкен. Сондықтан баспасөздің термин қалыптастырудағы рөлін зерттеу бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр.



МЕМТЕРМИНКОМҒА ЖОЛДАНҒАН ХАТТАР МЕН БАСПАСӨЗДЕ ЖАРИЯЛАНҒАН ПІКІРЛЕРГЕ ШОЛУ

Бұл айдармен Мемтерминком қарауына мемлекеттік органдардаң, ұйымдардаң, жеке азаматтардан келіп түскен хаттар және терминдер туралы баспасөзде жарық көрген мақалаларға қысқаша шолу беріліп отыр.

Дәстүрлі айдарымызбен Мемлекеттік терминологиялық комиссияға келіп түскен хаттарға шолу береміз. Бұл жолы да мемлекеттік органдар, жекелеген азаматтар, мамандар тарапынан баспасөз беттерінде және “Хабаршының” алдыңғы сандарында жарияланған материалдарға қатысты өз ұсыныстары, пікірлері, ойларымен бөліскен көптеген хаттар келді.

“Хабаршының” өткен санында ҚР Қаржы министрлігінде өз саласына қатысты терминологиялық комиссия құру жұмыстары басталғанын хабарлап, әр министрлік осылайша өз саласының терминдер жүйесін реттеу жұмыстарын қолға алса деген тілек білдірген едік. Осы ретте ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Г.Қарағұсованың қолы қойылған халықты әлеуметтік қорғау және еңбек саласында жиі қолданылатын терминдер мен сөз тіркестерінің аудармасын қамтитын сөздіктің жобасын жолдаған хат келіп түсті. Осы жерде айта кететін жайт, сөздікте **отбасы** (семья), **мекен-жай** (адрес), **салым** (вклад), **Ұлы Отан соғысының ардагері** (ветеран Великой Отечественной войны), **атаулы әлеуметтік көмек** (адресная социальная помощь), **халықты әлеуметтік қорғау** (социальная защита населения) т.б. сияқты бұрын бекітілген немесе тілдік айналымда тұрақталып қалған сөздер мен сөз тіркестері көптеп кездеседі. Осы ұсынылған сөздіктің ішінен жұртшылық тарапынан басқа пікірлер тудырып, басқа ұсыныстар айтылуы мүмкін сөздер мен атауларды бюллетеннің келесі санында жариялаймыз.

Мемтерминком қарауына бекітуге ұсынылған терминдер мен атаулар баспасөзде жарияланып, көпшілік талқысына салынылатыны белгілі. Орталық газеттерде жарық көрген терминдерге де мемлекеттік ұйымдардан, жоғары оқу орындарынан, жеке азаматтардан біраз пікір келіп түсті.

Ұлт тілінде терминжасам ісіне қазақ жазушылары да өз үлестерін қоса бастағаны бізді қуанытып отыр. Белгілі жазушы Б.Нұржекеұлы “Жас Алаш” газетінде жарияланған терминдердің аудармаларына “водоём – **көлшік** (тоған деген – терең арық), **гипс** – **борлауыт** (керіш деген - каньон), **прекращение** – **тоқтату** (жабу деген - закрыть)” деген пікір білдірген.

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінен (ректордың міндетін атқарушы – А.С.Масалимов) келген хатта “...шетел сөздері, яғни *аналогия, арбитраж, депрессия, конвой, динамика* сияқты ұғымдар өз қалпында халықаралық термин қатарына жатқызылса” деген ұсыныс білдірілген. С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінен (университет проректоры – А.Нұхұлы) жолданған хат-

та көптеген ұсыныстар айтылған. Хат авторының “Сомнение – күмән. Ал күдік сөзі подозрение деген мағына береді” деген пікірі терминком мүшелерінің шешімімен сәйкес келді. Сондай-ақ осы хаттағы “Гауптвахтаны **абақты** деп аудармай, осы тұлғада қолданған жөн деп білеміз. Қазақтар ертеден бері түрмеде тұтқындар қамалатын камераны абақты деп атаған. Әйгілі ақын-композитор Мәди “Қарқаралы” өлеңінде “Абақты қатар-қатар болады екен, ішіне жаман-жақсы толады екен” деп жырлағанда, абақты сөзін камера деген мағынада қолданған. Демек, абақтыны камераның аудармасы ретінде өз мағынасында қолдану қажет” деген пікір Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің ұжымының (факультет деканы – Д. Байділдинов) *гауптвахтаны* осылай қалдыру қажет, **абақты** вариантының қажеті жоқ деген ұсынысымен сәйкес келеді. Мемтерминком қарауына көбіне заң терминдері келіп түсетіндіктен, оларды талқылауға заң саласы мамандарының үн қоса бастауы бұл сала терминдерінің дұрыс қалыптасуына өзіндік үлес қосады деп ойлаймыз. Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің проректоры М.Н. Темірбеков “Хабаршының” екінші санында жарияланған профессор Ә.Жүнісбектің ұғым-атаулардың деңгейін сатылап алу туралы пікіріне қосыла отырып, “Бұл пікірмен келіспеу мүмкін емес. Жоғарыда айтылған пікір терминжасам мәселесінде белгілі бір реттіліктің қажет екендігін еске салады. Себебі қазіргі кезде қай ғылым, өндіріс саласында болмасын, ол саланың бар болмысына қатысты атауларды алдын-ала саралап алмай, жаппай қазақыландыру өріс алып барады. Қоғамның әр саласында, ғылымның, білімнің, өндірістің барлық деңгейлерінде қажетті-қажетсіз, терминдік деңгейге көтеріле алмайтын, терминдік ережеге сай келе бермейтін сөздер мен тіркестерді орынсыз жерге жұмсамай, әр сөздің көтеретін жүгіне, өміршеңдігіне байыппен қарау керек деген пікірді ұсынамыз” деп хатын аяқтайды. Қостанай мемлекеттік университеті (проректор – С.А. Қолдабаев) жіберген осы университеттің қазақ және орыс филологиясы институтының директоры А. Шаяхметтің пікірін бюллетенге енгізіп отырмыз.

Мемлекеттік ғылыми-өндірістік жер ресурстары және жерге орналастыру орталығы Батыс Қазақстан мемлекеттік еншілес кәсіпорнының директоры Ғ.Қуанышев қол қойған хатта “Егемен Қазақстан” газетінде жарияланған терминдерге осы ұжымның ұсыныстары жазылған.

Әр түрлі мамандық иелерінің, ғалымдардың, белгілі жазушылардың, қазақ тілінде термин жасаумен тәжірибе жүзінде айналысып жүрген сала мамандарының өз тілімізде термин қалыптастыру жұмысына осылай белсене араласып, ұсыныстарын, ойларын білдіріп жатуы қазақ тілінде термин жасау ісіне оң әсер етеді деп ойлаймыз.

“Хабаршының” тұрақты оқырмандарына айналып, ұсынылған терминдерге өз ұсыныс-пікірлерін үзбей жіберіп отыратын А.Қожамұратов, Б.Қасенова, И.Мұхитұлы, З.Әбубәкіроваларға және жаңа оқырмандарымыз – Алматы қаласында тұратын С.Салимовқа, Қ.Бектасқа, Н.Мақсымға, Ұлы Отан соғысының ардагері С.Омарға, Атырау қаласының тұрғыны М.Әбдірахимовқа, Тараз қаласының тұрғындары Ж.Шоқыбасқа, Ш.Сайлаубекұлына, Б.Диханбаевқа, Б.Мамаеваға, М.Қоңқашеваға, Оңтүстік Қазақстан облысынан Г.Әлімбековаға, Маңғыстау облысынан Қ.Қаражанұлына шын алғысымызды білдіріп, ұсыныстарыңыз Мемтерминком мүшелеріне жеткізілетіндігін хабарлаймыз.

Мемтерминком

ҰСЫНЫСТАР. ПІКІРЛЕР

Бұл айдармен А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті қазақ және орыс филологиясы институтының директоры А.Шаяхметтің ұлттық терминдерді жүйелеу турасындағы ұсыныстары беріліп отыр.

САЛАЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР

Ахмет Байтұрсыновтың “Әдебиет танытқышындағы” көптеген образды ой, оралымды тіркестерді әлі де кең түрде қолданып жүрген жоқпыз. Мәселен, баспасөз бетінен *публицистика және афоризм* деген тіркестер жиі кездеседі. Ал **көсем сөз және ділмар сөз** деген мағынасы нанымды, құлаққа жағымды, әсерлі де әдемі, бейнелі сөздер тұрғанда өзге тілге өз ортамызда өріс беруіміз қалай?!-деген ой келеді.

Архитектураны Ахаң **сәулет өнері**, *скульптураны* **сымбат өнері**, *живописьті* **кескін өнері** деп атаған. Осы сөздердің түбірінен барып *архитекторды* **сәулетші**, *скульпторды* **сымбаткер** деп атасақ, несі айып? Ахаңның “Әдебиет танытқышын” оқыған жан осындай мол білім қайнарына жолығады.

Міне, сондықтан да Ахаң қолданған сөздерді тілімізде де, баспасөзімізде де неғұрлым кең қолдансақ, соғұрлым тіліміздің өрісі де кеңі түсетіні даусыз.

Елдес Омарұлы *геометрияны* **пішіндеме**, *тригонометрияны* **кескіндеме** деп атап, оқулықтар шығарғаны белгілі. Ана тіліміздегі осындай сәтті баламаларды орнын тауып қолдансақ, несі айып.

Енді көңілде жүрген бірнеше ұсыныс.

1. Динозавр – денезор.

Түрік халқы осылай қолданады. Сөздің төркініне үңілсек, денесі зор деген мағынаны білдіреді.

2. Медицина - Медет-сина.

Әбу-Синаның медеті деген мағынада. Түбі өз тілімізден шыққан сөз.

3. Колобок — жұмыршақ.

Қазіргі балалар бауырсақ деп аударып атап жүрген орыс ертегісі. Негізгі мағынасы-қолы боқ (Мұрат Аджидің “Қыпшақтар” кітабында). Бауырсақ деуі көңілге қонбайды, нанға да, тілге де обал

4. Мына сөздер орнымен қолданылса: Снежинка — ақша қар. Снегурочка - қарша қыз. Снежная королева - қарлы ханым. Снежный городок – қарқала (немесе Аққала). Снеговик - қарбала. Простыня — ақжайма

Пододояльник - көрпеқап

Наволочка — жастықтыс

Клюшка — доптаяқ.

Футбол — аяқдоп.

Волейбол - қосқолдоп.

Баскетбол - қолдоп.

Шахмат — ханқамау. (Фабит Мүсірепов баламасы)

Лидер — топжарған

5. Құқық (право) - терминология комиссиясы бекітсе де, ауызға ауыр, құлаққа жағымсыз естіледі. Дұрысы: құқ, хақ. Қазақ құқылымын, хақым бар деп сөйлемей ме?

6. Егемен — тәуелсіз, еркін деген мағына тұрғанда, көп адамға түсініксіз сөзді қолданудың қажеті не? Еге деген түбір ана тілімізде басқа мағынаны білдіреді.

7. Квартал — орам

Сквер — гүлзар

Галстук — мойынбау

Платье — көйлек

Сорочка — жейде

8. Кафе - дәмхана (шатхана емес) ресторанды мейрамхана, гостиницаны мейманхана деп қолданып жүрміз. Біздің ойымызша, гостиница - қонақүй. Бұрын осылай қолданып келген. Оған басқа баламаның қажеті бар ма?

9. Рабочий поселок — кент

Город – қала (халқы 100 мыңнан асса)

Городок — шаһар (халқы 100 мыңға жетпесе)

10. Дед Мороз — Аязшал (Қаңбақ шал секілді)

Өйткені, қазақта Қыдыр ата деген ұғым бар. Ол Наурызда, жылдың басында келеді. Ал Аяз қазақ баласына ата болуға тиісті емес.

11. Селолық округ - ауылдық аймақ.

Село — ауыл

Поселок - мекен

Ескерту: орыс тіліндегі атауларды 100% орыс халқы қоныстанған елді мекенде қалдыруға болады.

МАМАНДАР ТАЛҚЫСЫНА

Бұл айдармен А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ұсынған тіл білімі терминдері мен М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ұсынған әдебиет терминдері мамандар пікірін білу мақсатымен беріліп отыр. Бұл терминдер тізбесін Мемтерминком алдағы мәжілісінде қарайтын болғандықтан ұсыныс-пікірлердің 15 маусымға дейін жолданғаны жөн.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ
ҰСЫНҒАН ТІЛТАНЫМ ТЕРМИНДЕРІ
(терминдер ұялық тәртіппен берілген)

- Айтылым - орфоэпия, произношение
айтылым сөздік - орфоэпический словарь
айтылым құрақ - произносительный сегмент
- Айтылым көрініс (сурет) - акустическая картина
- Айырым - дифференциальный
айырым белгі - дифференциальный признак
- Ақиқат - реальный
- Аллофон - аллофон (вариант, оттенок)
тірек (негізгі) аллофон - основной аллофон
- Алмасым - чередование, алтернация
бейрет алмасым - спонтанное чередование
грамматикалық алмасым - грамматическое чередование
дәстүрлі алмасым - традиционное чередование
морфологиялық алмасым - морфологическое чередование
табиғи алмасым - живое чередование
тарихи алмасым - историческое чередование
іргелес алмасым - комбинаторное чередование
шеп алмасым - позиционное чередование
фонетикалық алмасым - фонетическое чередование
- Амал (тәсіл) - способ
- Арабтаным - арабистика
- Арабы - арабский
арабы жазу - арабское письмо
арабы әліпби - арабский алфавит
арабы тілтаным - арабское языкознание
- Аралас - смешанный
аралас дыбыс - смешанный
аралас дауысты - смешанный гласный
аралас дауысты дыбыс - смешанный гласный звук
аралас тәсіл - смешанный способ
аралас тіл - смешанный язык
- Астарлап айту - парафраза
- Астарлы сөз - подтекст
- Ата тұлға - праформа
- Ата түркі тілі - пратюркский язык

Ата тіл - праязык
Атау - термин
Аттас(ым) - омоним
 аттас жұп - омонимичная пара
 аттас сөз - омонимичные слова
Ауропы - европейский
Ауыз-екі - устный
Ауыз жолды - ртовый
 ауыз жолды дыбыс - ртовый звук
 ауыз жолды дауыссыз - ртовый согласный
 ауызжолды дауыссыз дыбыс - ртовый согласный звук
Ашық - открытый
 ашық дыбыс - открытый звук
 ашық дауысты - открытый гласный
 ашық дауысты дыбыс - открытый гласный звук
Әлеуметтік - социальный
 әлеуметтік диалект - социальный диалект
 әлеуметтік диалектология - социальная диалектология
 әлеуметтік тілтаным - социальная лингвистика
Әлсіз фонема - слабая фонема
Әліпби - алфавит
 арабы әліпби - арабский алфавит
 славян (кирил) әліпби - славянский алфавит
 латын әліпби - латинский алфавит
Әліпби жазу - алфавитное письмо
Әліппе - азбука
Әмбебап - универсальный
 әмбебап әдіс - универсальная методика
 әмбебап заң(дылық) - универсальный закон(омерность)
Әмбебап грамматика - универсальная грамматика
Әмбетіл - полиглот
 әмбетіл адам - человек-полиглот
Әріп - буква
 бас әріп - заглавная буква
 баспа әріп - печатная буква
 бедер әріп - рельефная буква
 жазба әріп - от руки написанная буква
 жай әріп - строчная буква
 жасырынба әріп - скрытая буква
 көлбеу (қия) әріп - курсив-буква

- көлеңке әріп - буква с тенью
- қою әріп - жирная буква
- ойық әріп - утопленная буква
- сұйық әріп - простая (не жирная) буква
- сына әріп - руническая буква
- Әріпаударма - транслитерация
- Әуез - тембр
 - аралас әуез - смешанный тембр
 - езу әуез - негубной тембр
 - ерін әуез - губной тембр
 - жуан әуез - твердый тембр
 - жіңішке әуез - мягкий тембр
 - үндесім әуез - сингармонический тембр
- Әуен - мелодика
 - жоғары әуен - высокая мелодика
 - өсіңкі әуен - восходящая мелодика
 - өшік әуен - глухая мелодика
 - өшіңкі әуен - полугоглушенная мелодика
 - темен әуен - низкая мелодика
 - түсіңкі әуен - нисходящая мелодика
- Әуен екпін - мелодическое (музыкальное) ударение
- Әуен құрақ - мелодический сегмент
- Байырғы (төл) сөз - исконное слово
- Бала тілі - детская речь
